

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктердің бағалы қағаздар эмиссиясының проспектілеріне және олардың бағалы қағаздар шығару және орналастыру қорытындылары туралы есептеріне сараптама жүргізу тәртібі туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қаулы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы 1999 жылғы 7 қазан N 331

Екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 23 мамырдағы N 220 V970339_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктердің бағалы қағаздар эмиссиясының проспектілеріне және олардың бағалы қағаздар шығару және орналастыру қорытындылары туралы есептеріне сараптама жүргізу тәртібі туралы ережеге Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы мақұлдаған өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Заң департаменті (Шәріпов С.Б.) Банктерді қадағалау департаментімен (Жұмағұлов Б.Қ.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктердің бағалы қағаздар эмиссиясының проспектілеріне және олардың бағалы қағаздар шығару және орналастыру қорытындылары туралы есептеріне сараптама жүргізу тәртібі туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткізсін.

3. Банктерді қадағалау департаменті (Жұмағұлов Б.Қ.) осы қаулыны және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктердің бағалы қағаздар эмиссиясының проспектілеріне және олардың бағалы қағаздар шығару және орналастыру қорытындылары туралы есептеріне сараптама жүргізу тәртібі

туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық филиалдарына, екінші деңгейдегі банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Т.Құдышевке жүктелсін.

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Бағалы қағаздар жөніндегі
Ұлттық комиссиясы
1999 ж. 20 қыркүйек
Келісілген

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
1997 жылғы 23 мамырдағы
N 220 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының
1997 жылғы 23 мамырдағы N 220 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктердің бағалы
қағаздар эмиссиясының проспектілеріне және олардың
бағалы қағаздар шығару және орналастыру қорытындылары
туралы есептеріне сараптама жүргізу тәртібі туралы
ережеге өзгерістер мен толықтырулар

1. Ереженің атауы мынадай редакцияда жазылсын: "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктердің бағалы қағаздар эмиссиясының проспектілеріне және олардың бағалы қағаздар шығару және орналастыру қорытындылары туралы есептеріне сараптама жүргізу ережелері".

2. Кіріспедегі және одан әрі мәтін бойынша "Осы Ереже", "Ереже", "Осы Ережеде", "Осы Ережемен" деген сөздер тиісінше "Осы Ережелер", "Ережелер", "Осы Ережелерде", "Осы Ережелермен" деген сөздермен ауыстырылсын. (Қазақша мәтінде басқа сөздер өзгермейді.)

3. I тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын: "1-тарау. Жалпы ережелер".

4. 1.2. тармақтың в), г), д) тармақшаларындағы "жарғылық қорының" деген сөздер "жарғылық капиталының" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. 1.6. тармақта:

1) және одан әрі мәтін бойынша қазақша мәтінде "Ұлттық комиссия" деп толық алынған.

2) "бағалы қағаздар шығару" деген сөздер "бағалы қағаздар эмиссиясының" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. 1.8. тармақтағы "жарғылық қорының" деген сөздер "жарғылық капиталының" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. II тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын: "2-тарау. Банктердің бағалы қағаздар эмиссиясының проспектілеріне сараптама жүргізу тәртібі".

8 . 2 . 1 . т а р м а қ т ы ң :

1) г) тармақшасындағы "акциялар шығару туралы", "бағалы қағаздар шығару", "жарғылық қорды" деген сөздер тиісінше "акциялар эмиссиясы туралы", "бағалы қағаздар эмиссиясының" және "жарғылық капиталды" деген сөздермен ауыстырылсын.

2) ж) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"ж) құрылтайшылардың және (немесе) акционерлердің уәкілетті аудиторлық қызмет растаған соңғы аяқталған қаржы жылындағы баланстық есептері және пайда мен шығын туралы есептері, құрылтайшы және (немесе) акционер болып саналатын ұйымның бірінші басшысы, бас бухгалтері қол қойып, мөрмен растаған соңғы есеп беру күніндегі уәкілетті аудиторлық қызмет растамаған баланстық есептері және пайда мен шығын туралы есебі".

9 . 2 . 3 . т а р м а қ т ы ң :

1) в) тармақшасындағы "Байқаушы кеңес" деген сөздер "директорлар кеңесі" деген сөздермен ауыстырылсын.

2) г) тармақшасындағы "жарғылық қордың" деген сөздер "жарғылық капиталдың" деген сөздермен ауыстырылсын.

10. III тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын: "3-тарау. Бағалы қағаздарды шығару және орналастыру қорытындылары туралы есептерге сараптама жүргізу тәртібі"

11 . 3 . 1 - т а р м а қ т ы ң :

1) г) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"г) банктің жарғылық капиталындағы үлесі бес процентке тең немесе бес проценттен асатын акционерлердің соңғы аяқталған қаржы жылының уәкілетті аудиторлық қызмет куәландырған, баланстық есептері және пайдасы мен шығыны туралы есептері, сондай-ақ банктің жарғылық капиталындағы үлесі бес процентке тең немесе артық акционер болып саналатын ұйымның бірінші басшысы, бас бухгалтері қол қойып, мөрмен куәландырған баланстық есептері және пайда мен шығын туралы есептері"

2) мынадай мазмұндағы д) тармақшасымен толықтырылсын:

"д) банктің жарғылық капиталындағы үлесі бес процентке тең немесе артық акционерлердің құрылтай құжаттарының нотариус куәландырылған көшірмелері"

12. 3.2. тармақтың а) тармақшасындағы "бағалы қағаздар шығару" деген сөздер бағалы қағаздар эмиссиясы" деген сөздермен ауыстырылсын.

13. 3.5. тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3.5. Банк бағалы қағаздар шығару және орналастыру қорытындылары туралы есептің сараптамасынан өту үшін бағалы қағаздар орналастырылған соң әрбір алты айдан кейін 15 күнтізбелік күн ішінде, сондай-ақ бағалы қағаздар орналастыру аяқталғаннан кейін 15 күнтізбелік күні ішінде құжаттар пакетін ұсынады. Егер алты айдан кейін эмиссиясы тіркелген бағалы қағаздың бір де біреуі орналастырылмаған

болса, банк 15 күннің ішінде бұл жөнінде Ұлттық Банкке еркін нысанда жазылған хабарлама ұсынатын болады.

Ұлттық Банк есеп келіп түскеннен кейінгі күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде бағалы қағаздар шығару және орналастыру қорытындылары туралы есепті қарап, ескертпелер болмаған жағдайда қабылдайды немесе осы Ереженің 3.9 тармағына сәйкес есепті қабылдаудан бас тартатыны туралы эмитентке хабарлайды.

14. 3.6 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3.6. Банк тіркелген бағалы қағаздар эмиссиясының көлемін толық орналастырмаған жағдайда осы Ереженің 3.1. тармағында көрсетілген құжаттарды ("г") тармағындағыдан басқасын) заңда белгіленген мерзімде береді, сондай-ақ банктің жарғылық капиталындағы үлесі бес процентке тең немесе бес проценттен асатын акционерлердің соңғы аяқталған қаржы жылының уәкілетті аудиторлық қызмет куәландырған баланстық есептерін және пайдасы мен шығыны туралы есептерін, сондай-ақ банктің жарғылық капиталындағы үлесі бес процентке тең немесе артық акционер болып саналатын ұйымның бірінші басшысы, бас бухгалтері қол қойып, мөрмен куәландырған баланстық есептерін және пайда мен шығын туралы есептерін б е р е д і . "

Бұрынғы, оның ішінде ағымдағы эмиссиясының нәтижелері бойынша жарғылық капиталда 5 процент және одан да көп болатын акционерлердің үлесі олардың қосымша акциялар сатып алуына байланысты көбейген жағдайда, осы акционерлердің соңғы аяқталған қаржы жылының уәкілетті аудиторлық қызмет куәландырған баланстық есептері және пайдасы мен шығыны туралы есептері, акционер болып саналатын ұйымның бірінші басшысы, бас бухгалтері қол қойып, мөрмен куәландырған баланстық есептері және пайда мен шығын туралы есептері Ұлттық Банкте болмаған жағдайда беріледі.

Ұлттық Банк бағалы қағаздар шығару және орналастыру қорытындылары туралы есептің сараптамасынан өту үшін банк берген құжаттар пакетін қарау қорытындылары бойынша бағалы қағаздар эмиссиясының нақты орналастырылған көлемінің есебін қабылдайды.

15. 3.7. тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3.7. Есеп беріліп отырған кезең ішінде бағалы қағаздардың орналастырылмағаны жөнінде банк берген хабарламаны Ұлттық Банк назарда ұстау үшін қабылдайды."

16. 3.8. тармақтағы "нақты қабылданған шығару көлемін" деген сөздер "бағалы қағаздар шығару және орналастыру қорытындылары туралы есеп берілген кездегі бағалы қағаздар эмиссиясының нақты төленген көлемін" деген сөздермен ауыстырылсын.

17. 3.9. тармақтың үшінші азатжолындағы "эмиссия қорытындылары туралы

есеп" деген сөздер "қағаздар шығару және орналастыру қорытындылары туралы есеп" деген сөздермен ауыстырылсын.

18. IV тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын: "4-тарау. Банктердің бағалы қағаздар эмиссиясының проспектілерін және олардың бағалы қағаздарды шығару және орналастыру қорытындылары туралы есептерін есепке алу және ресімдеу".

19. 4.2. тармақтағы "бағалы қағаздар шығару" деген сөздер "бағалы қағаздар эмиссиясының" деген сөздермен ауыстырылсын.

20. 4.3. тармақтағы "қорытындыларын" деген сөз "қорытындылары туралы есепті" деген сөздермен ауыстырылсын.

21. V тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын. "5-тарау. Қорытынды ережелер".

Ұлттық Банк
Төрағасы

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Орынбекова Д.Қ.